

2023 жылға арналған Казталов ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 28-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 қаңтарда № 7110 болып тіркелді.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 "Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Казталов ауданның мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылға арналған Казталов ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері бір шаршы метр үшін айына 25 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Мәслихат төрағасы

С. Мулдашев

Ескерту. Көрсетілген шешімде шешімге қол қоюшы лауазымды тұлғаның атауы " мәслихат хатшысы" деген сөздері "мәслихат төрағасы" деген сөздерімен ауыстырылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 22.05.2023 № 5-6 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).